



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Мамыр

2022 жылғы мамырда жылдық инфляция 14,0% құрады (сәуірде - 13,2%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 19,0% – ға (сәуірде – 17,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы – 11,9% - ға (сәуірде-11,1%), ақылы қызметтер бағасы 9,1% - ға (сәуірде-8,9%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 15 өңірде жеделдеп, 2 өңірде баяулады. Ең көп жеделдеу Маңғыстау (сәуірде 13,9% – дан мамырда 15,2% - ға дейін), Қарағанды (13,5% - дан 14,8% - ға дейін) және Батыс Қазақстан (12,2% - дан 13,5% - ға дейін) облыстарында тіркелді. Жылдық инфляцияның баяулауы Түркістан (15,5% - дан 15,4% - ға дейін) және Жамбыл (13,2% - дан 13,1% - ға дейін) облыстарында байқалды. Жылдық инфляция 5 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Түркістан облысында тіркелді (15,4%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 мамыр – 2022 мамыр), %-бен

Түркістан	7,3 15,4	Шымкент қ.	6,8 13,6
Маңғыстау	8,3 15,2	Павлодар	7,3 13,6
Қарағанды	7,8 14,8	Батыс Қазақстан	7,2 13,5
Шығыс Қазақстан	7,3 14,5	Қостанай	7,0 13,5
Нұр-Сұлтан қ.	6,4 14,4	Алматы	7,2 13,4
Қазақстан Республикасы	7,2 14,0	Солтүстік Қазақстан	7,1 13,4
Ақмола	7,7 13,9	Атырау	7,8 13,1
Ақтөбе	8,1 13,9	Жамбыл	7,4 13,1
Алматы қ.	6,7 13,9	Қызылорда	7,5 13,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Маңғыстау (21,0%), Ақтөбе және Түркістан (20,7% - дан), Жамбыл (19,9%) облыстарында, Шымкент (19,8%) және Алматы (19,6%) қалаларында, сондай-ақ Ақмола облысында (19,1%) ел бойынша деңгейден (19,0% ж/ж) жоғары қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (11,9% ж/ж) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Нұр-Сұлтан қаласында (14,3%), Шығыс Қазақстан (13,5%), Қарағанды (13,3%), Маңғыстау (13,1%), Атырау (12,6%), Ақмола (12,5%) және Түркістан (12,1%) облыстарында.

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 9,1% ж/ж өсті, бұл ретте өсім Шығыс Қазақстан (11,4%), Түркістан (11,1%), Қарағанды (10,5%), Батыс Қазақстан (9,5%) және Маңғыстау (9,3%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	19,0	11,9	9,1
Ақмола	19,1	12,5	8,3
Ақтөбе	20,7	11,5	6,9
Алматы	18,0	11,5	8,7
Атырау	18,1	12,6	6,6
Батыс Қазақстан	17,8	11,5	9,5
Жамбыл	19,9	10,8	6,3
Қарағанды	19,0	13,3	10,5
Қостанай	18,6	11,3	8,5
Қызылорда	17,6	11,7	8,1
Маңғыстау	21,0	13,1	9,3
Павлодар	18,6	11,2	8,8
Солтүстік Қазақстан	19,0	10,6	8,2
Түркістан	20,7	12,1	11,1
Шығыс Қазақстан	17,3	13,5	11,4
Нұр-Сұлтан қ.	18,1	14,3	8,9
Алматы қ.	19,6	10,6	9,1
Шымкент қ.	19,8	10,2	8,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы мамырда елімізде айлық инфляция 1,4% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) мамырдағы инфляцияның орташа мәнінен айтарлықтай жоғары. 2022 жылғы мамырда барлық 17 өңірде баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең көп үдеуі Маңғыстау облысында (2,2%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы мамырдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы мамырдың орташа мәні	Мамыр 2022	Өңірлер	5 жылдағы мамырдың орташа мәні	Мамыр 2022
Қазақстан Республикасы	0,5	1,4	Алматы қ.	0,4	1,4
Маңғыстау	0,6	2,2	Шымкент қ. ¹	0,6	1,4
Батыс Қазақстан	0,5	1,9	Солтүстік Қазақстан	0,5	1,2
Атырау	0,5	1,7	Шығыс Қазақстан	0,4	1,2
Қарағанды	0,4	1,7	Нұр-Сұлтан қ.	0,6	1,2
Алматы	0,6	1,6	Ақтөбе	0,4	1,1
Қостанай	0,5	1,5	Жамбыл	0,6	1,0
Павлодар	0,6	1,5	Түркістан	0,6	0,9
Қызылорда	0,3	1,4	Ақмола	0,4	0,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)